

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай-балабақнасы

«Күншуақ» ересек топ

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекет

Тақырыбы: «Қызықты математика»

Тәрбиеші: Т.Ж.Бердимуратова

Қайрат ауылы

2025 жыл

Білім беру саласы: Танымдық дағдылар

Ұйымдастырылған іс — әрекеті: «Математика»

Тақырыбы: «Қызықты математика»

Мақсаты: Балалардың сан және санау, геометриялық пішіндер,

Дамытушылығы: логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Тәрбиелігі: Ойындар арқылы математика сабағына деген қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдыққа, тапқырлыққа үйрету.

Әдіс — тәсілдері: сұрақ — жауап, түсіндіру, әңгімелеу, трафаретпен сурет бояу, асықтармен тапсырмалар орындау, «Қошаканым» әнін тоңшпен орындау, «Кім жылдам» ойынын ойнату, қортындылау.

Көрнекіліктер: сандар, әртүрлі фигуралар, мультимедиялық тақта, суреттер.

Өту барысы: Балалар шаттық шеңберде тұрып, жана күнмен амандасады.

Шаттық шеңбері:

Армысың, мейірімді Аспан — Ата

Армысың, қайырымды Жер — Ана

Армысың, шұғылалы Алтын — Күн

Армысың, балабақша, дос — жаран..

— Таңертең тұрған кезде аналарың қайырлы таң деп айта ма?

Кәне, бізде қайырлы таң тілейік.

— Қайырлы таң көздерім, сендер оянындар!!!

— Қайырлы таң құлақтарым, сендер оянындар!!!

— Қайырлы таң саусақтарым, сендер оянындар!!!

Көздерін, құлақтарын уқалайды, қолдарын шапалақтайды.

— Жарайсындар, балалар, бүгінгі күніміз жақсы болсын, орнымызға отырайық.

— Бүгін бізде қарапайым математикалық ұғымдар туралы ашық іс-әрекетімізді бастаймыз.

-Балалар бір жылда неше мезгіл бар? Төрт мезгіл бар.

-Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі.

-Қыс мезгілі неше айдан тұрады? Үш айдан тұрады. Желтоқсан, Қазан, Ақпан айлары.

-Қазір қыстың қай айы? Ақпан айы.

-Балалар бізге қызықты математика болғандықтан көп асықтар керек. Олай болса балалар бізді жайлаудағы әжеміз барып амандасып, қал-жағдайын сұрап, жинаған асықтарын ала келейік. Олай болса шебермен жүріп «Қошаканым» әнін айтып барамыз.

Міне, балалар ауылымызға да жеттік.

-Амансыз ба әже! Амабыз қарағым!

-Әже сізбен амандасып кетуге келдік, балаларда сізді сағынып келді. Балалар ауылдағы тіршілікті көріп, қандай қызық және қиын екенін аңғарды. Балалар әжеміздің ыстық бауырсағынан дәм татты.

-Әже біз енді өз тобымызға қайтып, қызықты математикамызды өтеміз. Сол математиканы асықтармен өтсек деген едік. Сіз де асықтар көп деп естіген едік бізге сыйлыққа бересіз бе?

-Ой, қарағым әрине берем міне алып, зейіндерің ашылсын мына бір қоржын жинаған асығымды сендерге сыйға тарттым қарақтарым.

-Рахмет әже. Сау болыңыз!

-Ал, балалар міне бізге әжеміз көп асықтар берді. Енді осы асықтың шығу тарихын бір шолып өтсем.

Слайд. Балалар жануарлар нешеге бөлінеді? Екіге 1. Үй жануары және жабайы жануарлар.

-Үй жануарларына нелер жатады? Сиыр, жылқы, ешкі, түйе, қой.

-Балалар міне, асық бізде төрт малдың ішіндегі қойдың артқы аяғында болады екен. Асық өте қатты және мықты екен. Балалар мына менің қолымдағы алтын асықта тапсырмалар бар екен осы тапсырмаларды кезегімен орындап шығайық жарай ма? Жарайды!

-Олай болса балалар осы асықтармен көп деген тапсырмалар орындаймыз. Балалар математиканы бастамас бұрын 1 ден 5 ке дейінгі сандарды оңға және кері санап аламыз. 1, 2, 3, 4, 5. -5, 4, 3, 2, 1. Жарайсындар балалар! Геометриялық пішіндерді атаймыз: Үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер.

-Балалар түстерді атаймыз: Қызыл, қара, ақ, сары, көк, жасыл, қызғылт сары т.б.

-Балалар мына жердегі қазақтың ұлттық ыдыс-аяқтар, аспабы, сәукелесі бар солармен есеп шығарып тастайық балалар. Менің қолымда екі сәукеле бар, біреуін алып тастадым неше қалады? Біреу.

Қолымда бір домбыра бар, тағы бір домбыра қостым неше домбыра болды? Екеу.

-Балалар әжеміз бізге берген Алтын асықпен тапсырмалар орындаймыз.

1. Тапсырма: Киіз үйдегі асықтарды көлеңкесіне жапсыр және асықтардың пішіндерінің көлеңкелерін жапсыру. Асықтардың түстеріне қарай тастарды қойып шығу.

2. Тапсырма: Адасқан сандарды асықтармен орындарына қою және суреттегі заттарға қарап саны неше, сонша асықты санап қойып шығу. Санға қарап неше ою, неше асық екенін тауып құрастыру.

Сергіту сәті:

Ала-ала-алақай,
Күй тартады балақай.
Бата, тілек айтамыз.
Есімізде сақтаймыз.
Жаса, жаса - қазақ тіл
Жаса-жаса - ғажап тіл.

3. Тапсырма: «Кім жылдам» ойынын ойнаты және түстерді ажыратып, жылдамдық танытып ортадағы асықты алу.

4. Тапсырма: Трефареттегі сандар мен пішіндерді және асықты бояу.

-Міне, балалар көп деген тапсырмаларды орындан шықтық.

Қортынды:

-Біз бүгін қандай ұйымдастырылған іс-әрекет өттік?

-Математика.

-Математикаға нелер жатады екен?

-Сандар, түстер, пішіндер т.б.

-Біз тапсырмаларды немен орындадық?

-Асықтармен.

-Қандай суреттерді боядыңдар?

-Сандар, пішіндер, асықтардың.

-Сендерге бүгінгі ұйымдастырылған іс -әрекет ұнады ма?

-Иә, ұнады.

-Қош, сау болыңдар балалар.

Енді балалар мына жерде үш

12 - сәуір Ғарышкерлер күні

Төңкеріліс: 12 - сәуір Ғарышкерлер күні

Мақсаты: 8,9 жасар балалар 2 - деңгей жартыжылдықтан астам бағасының ғарыштың нәсір деп жетекшілері, сондай-ақ балалар мен балалар жайында білім беру

- 2) Жас ұрпақтың тәртіпін, еліміздің еліміздік сәуірін оята отырып, елін, жерін, еліміз, елімізге тәртіпін, ғарышкерлерге деген құрмет сезіміне баулу
- 3) Еліміздің жасалықтарын, еліміздің тәртіпін, еліміздің тәртіпін дамыту.

Көрнекілік: Ғарышкерлер суреттері, Байқоңыр – ғарыш айлағы суреті, планеталар суреттері, қайың, желім т.б.

Өту барысы: Балалар ғарыштар әлеміне кіріп, айналадағы шашып тұрған жарық жұлдыздарды тамашалайды.

Шаттық шеңбер: Күнімде күн күнімде,
Жер жасарып көгерсін.
Кешегідей бүтінде,
Канат қаксын көгерші.

Жерді қоршаған бүкіл дүние – Әлем немесе Ғарыш деп аталады. Ғарышқа жол 1957 жылы 4 қазанда ашылды. Бұл күні бұрынғы Кеңес Одағының Жердің жасақты серігі ұшырылды. Ал 1961 жылы 12 сәуірде адам баласы тарихында бірінші рет Ю. А. Гагарин ғарыш кемесімен Жер шарын айнала ұшты. 12 сәуір тарихқа «ғарышкерлер күні» деген атпен енді.

Лайка - ғарышқа сапар шеккен әлемдегі тұңғыш тіршілік иесі.

1957 жылдың 3 - қарашасында ғарышқа салмағы алты келі, жасы екі жасасқан Лайканы Спутник - 2 ғарыш кемесімен ғарышқа аттандырып жіберді. Ғарыш кемесі ұшырылғаннан кейін, шамамен 5 - 7 сағаттан соң Лайка ғарыштағы температураның күрт артуы мен стрестің салдарынан өледі. Сынақты ұйымдастырушылар о бастан - ақ Лайканың жерге қайтуын күткен жоқ. Олардың жоспарлауынша Лайка ғарышта бір аптаға жуық уақыт сүру керек болатын.

Кеңес одағының ғалымдары Лайкамен бірге екі итті жаттықтырған болатын.

Аты Ғарышқа 1961 жылы 12 сәуір күні тұңғыш рет Юрий Гагарин ұшты.

Қазақтан ғарышқа бірінші болып ұшқан - Токтар Әубәкіров. Біз қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаевты да мақтан етеміз.

1991 жылы Токтар Әубәкіров Қазақстандық бағдарлама бойынша ғарышқа жол тартты. 7тәулік 22сағат, 12минут, 40секунд ғарыш кеңістігінде болған Токтар Әубәкіров тұңғыш қазақ ғарышкері атанды.

Касым Аманжолов

Шерхан Ұшқыш болғым келеді
Көңілі – дария, ойы – аспан,
Асқар шыңнан бойы асқан.

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай – балабақшасы
«Күншуақ» ересек тобы

«Мамандықтар әлемі»

(ұйымдастырылған ашық іс – әрекеті)

Тәрбиеші: Ахаева А.

Қайрат ауылы 2024 – 2025 оқу жылы

Білім беру саласы: Коммуникативтік дағдылары. Өлеуметтік дағдылары
Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту. Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: «Мамандықтар әлемі»

Максат - міндеттері:

Балаларға күнделікті кезігетін мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сюжетті - рөлді ойындарды пайдалану арқылы әр мамандықтың қыр - сырын ашу.

«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу арқылы балалардың ой - қиялдарын дамыту. Дидактикалық ойындар, пазылдарды құрастыруға, жұмбақ шешуге, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдері: Әңгімелеу, түсіндіру, жұмбақ жасыру, сергіту сәті, дидактикалық ойын, рөлдік ойын.

Барысы:

I. Кіріспе.

Тәрбиеші: -Балалар, бүгін бізге көп қонақтар келіп отыр, орнымыздан тұрып, амандасайық.

Сәлеметсіздер ме!

Балалар бүгінгі көңіл күйлерін қандай? Кәне бәріміз шеңберге жиналып тұрайық. Бір бірімізге күлімдеп жақсы көңіл күй сыйлайық.

Шаттық шеңбер:

Кол ұстасып кәне біз,

Достасайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге,

Кел тұрындар шеңберге.

Қандай жақсы бір тұру,

Достарменен бір болу.

Қандай жақсы дос болу.

II. Негізгі бөлім.

Тәрбиеші: -Біздің бүгінгі өтетін ұйымдастырылған ашық іс әрекетіміздің не екенін мен жұмбақтап айтқым кеп отыр мен қазір өлең жолдарын оқимын, ал сендер сол жолдарға қарап қандай сабақ екенін табасындар.

Аяқ киімді... жөндейді. (етікші)

Ұшақты... жүргізеді. (ұшқыш)

Тамақты... дайындайды. (аспазшы)

Ауруды... емдейді. (Дәрігер)

Өртті... сөндіреді. (өрт сөндіргіш)

Ал осының бәрін бір сөзбен қалай айтамыз? (мамандықтар)

Иә балалар сендер дұрыс айтасындар біз бүгін мамандықтар жайында ұйымдастырылған ашық іс әрекетін өтетін боламыз.

- Қалай ойлайсындар осылардың барлығы біздің өмірімізге қажет пе?

- Ия бізге осы мамандықтар қажет.

Дидактикалық ойын: Пазыльдармен жұмыс.

«Мамандық иелерінің құралдары»

Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралдарын тауып, орналастыру.
Жақсы тапсырмаларды орындап шықтындар.

Балалар кім мамандықтар туралы тақияқтар айтып береді.

Шерхан:

Ел сенімін ақтайтын,
Тәртіп заңды сақтайтын.
Полиция боламын,
Әділдікті қолдайтын.

Жансерке:

Сән үлгісін киятын,
Шапшараз болам жолыңа.
Түрлі – түрлі шапш кияп,
Қызмет етем халқыма.

Айша:

Дәмді тамақ пісіріп,
Өнерлі бала боламын.
Халқым сүйген ардақты,
Мен аспазшы боламын.

Фатима:

Жақсы оқып сабақты,
Білім алып толамын.
Ауруларды емдейтін,
Мен дәрігер боламын.

Нүрәли:

Армандаймын мамандық,
Көңілім бар таланттық.
Өрт сөндіруші қалауым,
Батыр мықты боламын.

Нұрболат:

Қолда темір қалағым,
Саздан сарай саламын.
Астанада аумақтайын,
Әсем қала саламын,
Мен құрылысшы боламын

Балалар біз енді мамандықтардың ішінен шашшараз және аспазшы сюжеттік рөлдік ойынын ойнайық. Ол үшін кюар код арқылы екі топқа бөлініп жұмыс жасаймыз.

1 – топ «Аспазшы»

2 – топ «Шашшараз»

Жақсы мына тапсырманы да орындап шықтындар.

Сергіту сәтін жасайық. «Қазақша оюларды қимылмен жаса»

Тәрбиеші:- Балалар егер бір жерден өрт шықса біз кімді шақырамыз? (өрт сөндіруші) Дұрыс өрт сөндірушіге телефон шоламыз 101 нөміріне.

Балалар, біз осы мамандық туралы, қауыпсіздік ережесі туралы не білеміз? Ал, балалар, жақсы, білімді, ақылды, батыл, батыр болу үшін не істеу керек? Жақсы оқу керек, білімді болу керек. Ол білімді бізге кім береді? (мұғалім)

III. Қорытынды:

Жақсы осымен біздің ұйымдастырылған ашық іс – әрекетімізді ойын арқылы қортындылайық. Бәріміз шеңберге тұрайық

«Дұрыс және бұрыс» ойынын ойнамыз. Қате болса аяқты топылдатамыз, дұрыс болса алақан соғамыз.

1. Дәрігер балаларды оқытады.
2. Тігінші киім тігеді.
3. Шаштараз тамақ пісіреді.
4. Құрылысшы адамдарды емдейді.
5. Жүргізуші машина жүргізеді.
6. Өрт сөндіруші өрт сөндіреді.

Рөлдік ойын: «Кім болам?»

Шарты: Балаларға болашақта қандай мамандық иелері болғысы келетіндігін және елге қандай пайда келтіретіндіктерін әңгімелету.

Рефлексия:

Бүгінгі ұйымдастырылған ашық іс әрекет сендерге ұнады ма?

Несімен ұнады? Ұнамаса, несімен ұнамады? Не білдіңдер?

Сендерге, балалар көп көп рахмет. Бүгін өте белсенді жақсы қатыстыңдар.

Жақсы жауап беріп, тапсырмаларды орындағандарың үшін сендерге смайликпен бағалаймын.

Келген қонақтарға да рахмет деп қоштасайық.

Сау болыңыздар!